

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕСАРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 811.512.122

*Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
ҚМПИ, Қостанай қ, Қазақстан*
*Сұлтанова, А.,
ҚТОМ 2 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНОНИМДЕРДІҢ РЕҢКТІК УӘЖДІЛІГІ

Түйіні

Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы болады. Синонимдес сөздердің мағыналық жақындығын айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Мақалада синоним сөздердің стильдік реңктік ерекшеліктері мысалдар арқылы ажыратылып талданды.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: синонимдік қатар, синонимдердің стильдік реңкі.

Синонимдер – қай тілдің болса да тіл байлығының көрсеткіші, сөз қорының алтын қазынасы.

Мағыналары бір-біріне жақын, өзара мәндес яғни жазылуы мен айтылуы әр басқа мағынасы жағынан жақын сөздер синонимдер деп аталады. Өзара мәндес сөздерден: синонимдік қатар құралады. Синонимдік қатардың құрамына екі, кейде одан да көп сөздер енеді. Синонимдік қатарда орналасқан сөздердің мағына тұрғысынан бір-бірінен айырмашылығы болады. Сонымен қатар синоним сөздер қолданылу ыңғайына қарай реңкі болады. Яғни қатарда орналасқан сөздің мағынасы жағынан екінші сөз күштірек болады. Синонимдер мәтінде бір рет пайдаланылған сөзді қайталамау үшін, бір ұғымды түрлі белгілермен жан-жақты сипаттау мақсатында қолданылады.

Синонимдер омонимдерге қарама-қарсы құбылыс. Омонимдер мағыналары әр басқа, дыбысталуы бірдей сөздер болса, синонимдер мағыналары бір-біріне жуық, дыбысталуы әртүрлі сөздер. Әр басқа сөздердің синонимдер ретінде танылуы үшін, олар мағыналық жақтан бір-біріне жуық өзара мәндес болуы шарт. Синонимдік қатарды құрастырушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болумен бірге барлығы бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт.

Тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер, әдетте, кездеспейді, ал егер кездесе қалса өте сирек ұшырасады. Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен, олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы болады. Синонимдес сөздердің мағыналық жақындығын айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық айқын аңғарыла бермейді. Бұл бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай жақтары стильде түрлендіре ажыратылып айқындалады.

Синонимдер мәндес сөздер болғандықтан, кейде бірін-бірі ауыстыра алады. Мысалы, *байыпты адамды салмақты* деп те, *сабырлы* деп те, *байсалды* деп те айтуға болады. Бірақ синоним сөздер әр уақытта бірінің орнына бірі жұмсала бермейді, синонимдік қатардағы кейбір сөздер тек белгілі бір сөздермен ғана тіркесіп айтылады. Мысалы, ат, есім деген синоним сөздердің есім дегені тек адамға байланысты айтылады.

Синонимдер тікелей стильмен байланысты болып келеді. Тіл-тілде сараланған, қалыптасып орныққан бірнеше стильдік тармақ болады. Тілдің даму барысында оның лексикасындағы көптеген сөз сараланып, белгілі бір стильге телініп, әр топқа бөліне бастайды. Мұны белгілі бір синонимдік қатардың ішіндегі сөздердің қолданылуынан да аңғаруға болады. Мысалы, *көк, аспан* деген синонимдік қатардың құрамындағы *аспан* сөзі, *жер шары, жер жүзі* деген синонимдік қатардағы *жер шары* тіркесі көбінесе ғылыми стильде қолданылады. Тілдегі барлық синоним болмаса да, көптеген синонимдік қатардың құрамындағы мәндес сөздердің әрқайсысы белгілі бір жанрда, стильде қолданылуға икемделеді.

Синонимдік қатардың құрамындағы сөздердің белгілі бір жанрға, стильге икемделіп телінуі және осыған орай, сол жанрда немесе стильде қалыптасып орнығу құбылысы сөздік құрамы стилистикалық жақтан дифференцияланған тілдерде, мысалы, орыс тілінде айқынырақ аңғарылады.

Кейбір синонимдік қатарға енетін сөздердің сапа мен белгіні білдіру дәрежесінде бір-бірінен айырмашылықтары болады. Мысалы, *әуес, құмар* дегеннен гөрі *құштар* дегеннің сындық, сапалық дәрежесі күштірек. Ал *құштар* дегеннен гөрі *іңкәр, іңкәр* дегеннен гөрі *ынтық, ынтызар* дегендердің сындық, сапалық дәрежесі әлдеқайда күшті. Аталған синонимдес сөздердің сапа мен белгіні білдіру дәрежесі бірінен-бірі асып түсіп отырады. Бұл тәрізді синонимдік қатардың құрамындағы эмоционалды бояуы қалың, экспрессивті қызметі күшті сыңарлар көбінесе көтеріңкі поэтикалық стильде қолданылады [1, 125].

Қ.Б. Сарбасова: «Мағыналары бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер синонимдер деп аталады. ...Өзара мәндес сөздерден бір сөз табына қатысты синоним сөздер енеді. Қатардың ішінде бір сөз басқаларын мағына жағынан ұйымдастыруға ұйытқы, тірек болады. Ол сөз – доминант деп аталады.

Синонимдер ерекшеліктері мен белгілеріне қарай мағыналық синонимдер, экспрессивті-стилистикалық, мағыналық-стилистикалық синонимдер болып бөлінеді.

Бір-бірімен мағыналық реңтері арқылы ажыратыла келіп, стильдік жағынан шектелмей қолданылатын өзара мәндес сөздер мағыналық синонимдер деп аталады. Мысалы: оқушы-шәкірт, мұғалім-ұстаз.

Экспрессивті-стилистикалық синонимдер бір ұғымға қатысты сәйкес мағынаны білдіре келіп, бір-бірінен экспрессивті бояма реңкі мен стильдік қолданысы жағынан ажыратылады. Мысалы: *ширу-шелдену-лайлану-тойыну-жуандау-толу-қондану*. Бұл қатардағы сөздер бірінің орнына бірі барлық жағдайда қолданыла бермейді. Адамға, жануарға қатысты жағымды, жағымсыз мәнде қолданылу реттері бар.

Әдеби тіліміздің функционалдық стильдерінде синонимдер қолданылады, олардың көпшілігі стильдер арасында ауыс күйіс жүреді, нақты бір стильге телулі емес, қолданылу жиеліктері де әртүрлі. Мысалы: *айтқан жерден шығу – дегенінен шығу – межеден шығу – алғашқы екі тіркес ауызекі сөйлеу стилінде, соңғысы публицистикалық стильде жиі қолданылады. Синонимдер белгілі бір мақсатта жұмсалады. Сөздерді қайталамау үшін; Бір ұғымды жан-жақты сипаттау үшін 2-3 синоним қатар жұмсалады. Плеоназм түрінде қолданылады. Қосарланып жұмсалады. Сөз бен сөз, сөз бен фразалық тіркес синонимдес болып жұмсалады. Эвфемизм түрінде келетін синонимдер парафраза тәсілі арқылы жұмсалады да, синонимдер мен мағыналы сөздер есебінен жасалады:*

Жұрнақтар арқылы: ақылды-есті;

Бірігу арқылы: еңбекақы-жалақы;

Қосарлану арқылы: зым-зия – ұшты-күйлі;

Кірме сөз бен төл сөзіміздің мәндес келуі арқылы: шәкірт-оқушы.

... Табу мен эвфемизм есебінен: жасыл-жай-найзағай, қолды болу-ұрланған т.б.

Тіліміздегі көпмағыналық есебінен, табу, эвфемизм, кірме сөздер, фразеологизмдер есебінен жасалған синонимдерді лексика-фразеологиялық тәсілмен, бірігу, қосарлану арқылы жасалған синонимдерді синтаксистік тәсілмен жасалған синонимдер деп білеміз [2,10] – деп тұжырымдайды.

Синонимдердің поэзия тілінде қолданылу ерекшелігі жайлы академик Р. Сыздық “Синонимдер бір-біріне сайма-сай мағынадағы сөздер емес, әрқайсысында өзіне тән мағыналық реңкі бар, ұқсас мағыналы сөздер болса, олардың қолданысы көркем әдебиетте, әсіресе өлең тілінде ерекше орын алады. Өйткені поэзияда әрбір сөздің мағыналық та, стильдік те жүгі ауыр келеді. Ғылым тілімен айтсақ, әрбір ең шағын көркем контекстің экспрессивтік арқауы – сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында: мағынасы мен мағыналық реңктерінде. Демек, мағыналас сөздер өлең тілінде бір-біріне тең түспейді, әрқайсысының өз қолданылу орны, контекстік ортасы болуы қажет” [3, 465] – деген тұжырым жасайды.

Сонымен ұлт тілінің бірден бір байлығының көрсеткіші синоним сөздер. Синоним сөздер кез келген тілдің қаншалықты деңгейде дамығандығын, оның оралымдылығын ғана көрсетіп қоймай, әр халықтың ұлттық таным деңгейін бейнелеуде де айрықша қызмет атқарады. Сөз айтылмақ ойды дәл білдіріп, көрсете алса ғана мәнерлілік сипатқа ие болады. Сөзге тән осы қасиетті синоним сөздер дәл атқара алады. Өзара мәндес сөздердің мағынасындағы нәзік айырмашылықтарды ажыратып, синоним сыңарларын айтылмақ ойға байланысты дәлме-дәл келетінін қолдана білудің маңызы зор. ...Жалпы, айтылмақ ойдың дәл, әрі нақты болып шығуы синоним сөздерді дұрыс таңдап қолдана білуге байланысты болады. Шығармадағы синонимдік қолданыс суреткер шығармаларындағы дүниетанымдық лексика қорының молдығын байқатады. Ақын жазушылар синонимді бір сөзді бірнеше рет қайталамау мақсатында қолданады. Жалпы, синоним сөздер белгілі бір ойды толықтыру, нақтылау, дәл жеткізу мақсатында қолданылатыны белгілі. Синоним сөздер тілдің ұзақ тарихи дамуының негізінде қалыптасады [4, 101].

Синонимдерді зерттеген ғалымдардың еңбегінен синонимдердің стильдік қолданылуына мән бергенін байқаймыз. Дегенмен, нақты көрсетпеген, мысалдар арқылы тоқталып өткен. Қарастырылатын мәселе синонимдік қатарда орналасқан сөздердің стильдік қолданылу аясын анықтау. Бұл қазақ тіл білімінде толық зерттелмеген. Әдеби шығармалардан жинақталған мысалдар арқылы ойымызды дәлелдейік. Ел сөзінің синонимдік қатардағы реті: атамекен, отан, туған жер, атақоныс.

Маған қойғызғанмен ел аузына қақпақ бола алмайсың. (Ә.Нұрпейісов). Атамекен публицистикалық стильде көбірек қолданылады. Мысалы: *Атамекенге болашақта да ие болу келер ұрпақтың парызы.* Оған синонимдес отан сөзі барлық стильде қолданыла береді. *Отан адамның туып өскен жері.* Туған жер, атақоныс сөздері көркем әдебиет стилінде көптеп кездеседі.

Кісі сөзінің синонимдік қатардағы орны: адам, кісі, жан, пенде, қаумет.

Күн ұзын нәр татпаған кісіді әл қайдан болсын. (Ә.Нұрпейісов).

Адам сөзі барлық стильге ортақ, кісі ауызекі сөйлеу стилінде, жан, пенде сөздерін көркем әдебиеттерден кездестіруге болады.

Жүз сөзінің синонимдер сөздігіндегі реті: бет, жүз, әлпет.

Қарт ананың жүзі көрінбейді. (Ә.Нұрпейісов).

Бет барлық стильге ортақ қолданылады. Оған синонимдес жүз сөзі публицистикалық стильде кездесе, әлпет сөзі көркем әдебиет стилінде көбірек қолданылады.

Оттық сөзінің синонимдік қатардағы реті: сіріңке, оттық.

Оттық іздеп жанталасып жүріп, жолда тұрған қара құманды қағып кетті (Ә.Нұрпейісов).

Ал сіріңке, оттық сөздері көркем әдебиет стилінде жиі кездеседі.

Зорға сөзінің синонимдік қатары: әрең, азар, әзер, әуірімдеп.

Қалың киімді біреу жерқазбаның аласа есігіне сыймай, зорға кіріп келе жатты (Ә.Нұрпейісов).

Өрең сөзін ауызекі сөйлеу стилінде кездестірсек, азар, әзер, әупірімдеп сөздерін көркем әдебиет стилінен көбірек байқаймыз. Зорға сөзі барлық стильде кездеседі.

Сұлу сөзінің синонимдік қатары: әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, сиықты, келімді, зипа, айдай, реңді, өнді, қияпатты, әйбат, райлы.

Ақбаланың жастығын, сұлулығын көре алмайды (Ә.Нұрпейісов).

Сұлу, әдемі сөздерін барлық стильде кездестірсек, көркем әдебиет стилінде: кескінді, айдай, келімді, сиықты, зипа, әйбат, қияпатты, өнді, шырайлы, бәденді сөздерін кездестіруге болады. Ал көрікті, реңді, келбетті, әсем, ару сөздерін публицистикалық стильден байқауға болады.

Сонымен, синоним сөздер бір-біріне мағынасы жуық өзара мәндес сөздер болса да, олардың әрқайсысының өзіне ғана тән мағыналық реңкі болады. Ендеше синоним сөздерді қолданғанда осы мағыналық реңкті дәл ажырата біліп қолданудың маңызы зор.

Әдебиет тізімі

1 Аханов, К. Тіл білімінің негіздері [Мәтін]. Оқулық, 3-бас / К. Аханов. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.

2 Сарбасова, Қ.Б. Қазіргі қазақ тілі (лексикология және фразеология) оқу құралы [Мәтін] / Қ.Б. Сарбасова. – Алматы ЖШС РІБК «Дәуір», 2012. – 200 б.

3 Сыздықова, Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі [Мәтін] / Р. Сыздықова. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

4. Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу [Мәтін] / А.Х. Бекбосынова. – Қостанай: ЖШС «Центрум», 2014. – 152 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 29.11.2017

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., СУЛТАНОВА, А.

ОТТЕНОЧНАЯ МОТИВАЦИЯ СИНОНИМОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Синонимы хоть и являются взаимозаменяемыми словами, они могут различаться по смыслу. Гораздо сложнее определить смысловые различия синонимов, чем их семантичность. В статье на основе примеров проанализированы стилистические особенности синонимов.

Ключевые слова: синонимичный ряд, стилистические оттенки синонимов.

BEKBOSSYNOVA, A.KH., SULTANOVA, A.

COLOURED MOTIVATION OF SYNONYMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Synonyms, although they are interchangeable words, they can differ in meaning. It is much more difficult to determine the semantic differences of synonyms than their semantics. In the article, on the basis of examples, the stylistic features of synonyms are analyzed.

Keywords: synonymous series, stylistic nuances of synonyms.